

**« Астана медицина университеті» АҚ**  
**Кафедра:** *Еңбек және коммуналдық гигиена*

**Тақырыбы:** *ӘГМ кіріспесін ұйымдастыру. ӘГМ мақсаты мен қызметі*

# СОӨЖ

**Кафедра меңгерушісі:** м.ғ.к, Р.Қ.Сулейменова  
**Оқытушы:** Сембиева Ф.Т.  
**Орындаған:** Базаркулова А.М.  
**Топ:** 501- ҚДС

**Астана 2016 ж**

# Жоспар:

## I. Кіріспе

## II. Негізгі бөлім :

1. Территорияларды қамту бойынша Қоршаған орта мониторинг
2. Қоршаған орта мониторингінің негізгі міндеттер Антропогенді әсерлерді зерттеу.
3. Мәліметтерді ортақтастыру сипаттамасына қарай мынадай ӘГ Мониторинг жүйелері.
4. Мониторинг жүйесін қолданылатын физикалық-химиялық және биологиялық көрсеткіштері.

## III. Қорытынды

## IV. Қолданылған әдебиеттер тізімі;


## Кіріспе

**Қоршаған орта мониторингі** деп адамды қоршаған табиғи ортаның жай-күйін бақылау және адамдардың денсаулығымен өзге де организмдерге зиянды немесе қауіп туғызатын қатерлі жағдайлар туралы ескертуді айтады. Қоршаған ортаны ластау деп қоршаған ортаға ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріспен тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ қоршаған ортаға шудың, тербелістің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық ықпалдардың әсерін айтады. Қоршаған ортамен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторинг жүйесін қоршаған ортаны қорғаумен табиғат пайдалануды басқару міндеттерін атқаратын арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Онда мынадай жұмыстар атқарылады:

- қоршаған ортамен табиғи ресурстардың жай-күйіне, сондай-ақ олардың антропогендік ықпал жасау көздеріне белгілі бір бағдарлама бойынша бақылау жүргізеді;
- болып жатқан өзгерістерге болжау жұмыстары жүргізіледі;
- қоршаған ортамен табиғи ресурстардың мониторингі-қоршаған ортаны қорғау саласында басқарушылық және шаруашылықтық шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды көздейді.[1]

Қоршаған ортаның қалыпты жұмыс істеуі үшін оған түсетін күш белгілі бір экологиялық шектелген күштен аспау керек. Экожүйе құрамындағы өзгерістерді, құбылыстарды байқап, бағалап және болжап сипаттап отыратын жүйені **Қоршаған орта мониторинг** атқарады. [1]

**Территорияларды қамту бойынша Қоршаған орта мониторинг үш сатыға бөлінеді:**



1. Локальді  
(биоэкологиялық,  
санитарлық гигиеналық);

2. Регионалды (геожүйелік, табиғи-  
шаруашылық);

3. Ғаламдық (биосфералық, фондық).



**Локальді мониторинг** бағдарламасына шағын ғана территориядағы биоэкологиялық өзгерістерді бақылау, канцерогенді ластаушы заттардың әр түрлі сфераларға түсуін бақылау жатады.

**Ғаламдық мониторинг** бағдарламасының міндетіне – жалпы биосферада мүмкін болатын және болжамды өзгерістерді бақылау болып табылады. Ғаламдық мониторинг объектісіне гидросфера, атмосфера және литосфера жатады.

**Регионалды мониторинг** міндетіне ірі табиғи-территориялы кешендердің (өзендер бассейні, орман жүйелері, агроэкожүйелер т.б.) экожүйесінің күйіне бақылау жасайды. [2]



## Антропогенді әсерлердің Қоршаған орта мониторингінің негізгі міндеттері:

Антропогендік әсер тигізетін көздерді бақылау;

Антропогендік әсер факторларын бақылау;


Антропогендік факторлардың әсерін табиғи ортада жүрестін процестерді және оның жағдайының өзгеруін бақылау;

Табиғи ортаның физикалық жағдайын бағалау;

Антропогендік факторлар әсерін табиғи ортада болатын өзгерістерді болжау және болжамдалған табиғи ортаның жағдайын бағалау

Қоршаған орта мониторинг үш сатыдан тұрады: **жағдайды бақылау, бағалау және болатын өзгерістерді болжау.** Мониторинг объектілеріне атмосфера, атмосфералық жауын-шашын, жердің беткі сулары, мұхит пен теңіздер, жер асты сулары, криосфера (климаттық жүйені құрушылар) жатады.[2]

Бақылау объектілері келесі түрлерге бөлінеді: атмосфералық, гидросфералық (жиынтықты түрде гидрометеорологиялық), топырақтық, климаттық мониторинг, ионосферлық, Күн, биологиялық, өсімдіктер, жануарлар, тұрғындар денсаулығының мониторингі және т. с. Мониторинг жүйесі факторларға, көздерге және әсер ауқымына байланысты да топтастырылады.[3]





**Ластағыш көздердің мониторингі** — нүктелі стационарлы көздер ауыттардың, жылжымалы (көлік), кеңістік (химиялық заттектер өндіретін егістік жерлер) көздер.

Әсер аумағына байланысты мониторинг кеңістік және уақытша мониторингтерге бөлінеді.

Мәліметтерді ортақтастыру сипаттамасына қарай мынадай **ӘГ Мониторинг** жүйелерін құрайды:

**ғаламдық (биосфералық)** - халықаралық ынтымақтастық негізінде Жср биосферасындағы әлемдік құбылыстар мен процестерді зерттеу арқылы назарға ұстап, экстремалды қолайсыз жағдайлардың болуы туралы уақытылы ескерту жасап отыру;

**базалық (фондық)** – жалпы биосфералық, табиғи құбылыстарды бақылау ;


**ұлттық** - бір мемлекеттің шегінде арнайы құрылған органдар арқылы жүргізілетін мониторинг;

**аймақтық** - халық шаруашылығын қарқынды игеру барысында ірі-ірі аудандардың көлемінде құбылыстар мен процестерді зерттеу арқылы бақылау;

**жергілікті (локалды)** - елді мекендерде, өнеркәсіп орталықтарында, кәсіпорындарда қоршаған ортаның сапалық өзгеруіне бақылау жүргізу; [3]



Мониторинг жүйесін қолданылатын (физикалық-химиялық және биологиялық көрсеткіштердің мониторингі, аралық мониторингі) сүйене отырып топтастыруға да болады.

 *Химиялық мониторинг* — атмосфераның, жауын-шашының, жер беті мен жер асты суларының, мұхит пен теңіз суларының, топырақтың, түпті тұнбалардың, өсімдіктердің, жануарлардың химиялық құрамдарын (табиғи және антропогендік жолмен пайда болған) бақылайтын және химиялық ластағыш заттардың таралуын тексеретін жүйе. Химиялық мониторингтің негізгі ең басты міндеті қоршаған ортаның өте улы заттектермен нақтылы ластану деңгейін анықтау. Қоршаған ортаны ластайтын кейбір зиянды компоненттер мен олардың мөлшерін бақылайтын деңгейі келтірілген.

*Физикалық мониторинг* - қоршаған ортаға физикалық процестер мен құбылыстардың (су тасқыны, жанартау атылыстары, жердің сілкінуі, құрғақшылық, топырақ эрозиясы және т. с.) тигізетін әсерін бақылау жүйесі.

*Биологиялық мониторинг* - биоиндикаторлар көмегімен жүргізілетін мониторинг (яғни ортаның өзгеруін, ағзалардың күйі мен жүріс-тұрысына қарап пішіп кеседі).

*Экобиохимиялық мониторинг* - қоршаған ортаның екі құрам бөлігін (химиялық және биологиялық) бақылауға негізделген мониторинг.

*Дистанциялық (аралық) мониторинг* - зерттейтін объектілерді барлауға және тәжірибелік мәліметтерді тіркей жазып алуға радиометриялық қондырғылар мен қамтылған космостық мониторинг.[3]

# Қорытынды

**Мониторинг ұғымы** кең ұғымда экономикада, өнеркәсіпте, және басқа да бақылаулар жүргізілетін салаларда қолданылады. Қазіргі таңда мониторинг ұғымы негізгі үш түрлі жұмыстардан тұратын қоршаған табиғи ортаны бақылау жүйелері ретінде қарастырылады: қоршаған ортаның жағдайын жүйелі түрде *бақылау*, табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен табиғатта болуы мүмкін өзгерістерді *болжау*, қоршаған орта жағдайын ретке келтіру шараларын *басқару*. Бақылайтын объектілердің ерекшелігіне, түріне және бақылау әдістеріне байланысты мониторингтің бірнеше түрлерін ажыратады. Классификациядағы мониторингтердің деңгейіне сәйкес - халықаралық және аймақ аралық басқару деңгейлері ғаламдық деңгейлермен байланыста болуы, ал ұлттық – аймақтық деңгеймен байланыста болуы керек. Экологиялық мониторинг жүйесінде биологиялық мониторингтің, экожүйенің биотикалық құрамы мониторингі ерекше роль атқарады. Биологиялық мониторинг – қоршаған табиғи ортаның жағдайын тірі организмдер көмегімен бақылау. ӘГМ Мақсаты мен міндеті қоршаған орта жағдайының өзгеруі адам іс- әрекеті арқасында қоршаған орта жағдайының өзгеруіне алып келетін себептері адам іс- әрекеті әсерін анықтап, өзгерістерді бақылау қоршаған орта жағдайында болатын өзгерістер адамның теріс іс-әрекеті нәтижесіндегі зардаптарды жою қоршаған орта мен қоғам арасындағы тиімді қатынастарды орнату болып табылады.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- \* Денсаулық 2003, 19 б.
- \* <http://www.zozh.kz/>- “Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы” журналы 2013, 16-17 б.
- \* Минералды заттар журнал, Астана қ., 2014.12.11., 1-74 б., 64 б
- \* Ильин, Л.А. и др. Радиационная гигиена: учебник / авт. текста Ильин Л.А., Кириллов В.Ф., Коренков И.П. – Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2010. – 384 с., 110-125 с
- \* Гигиена с основами экологии человека: учебник / ред. Мельниченко П.И. – Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2010г., – 752 с., 536-584с.